

Білім беру үйімдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 маусымдағы № 194 бүйрығы

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес 2023 жылды «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы өзірленіп, барлық білім беру үйімдарына енгізілді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылды Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес Біртұтас тәрбие бағдарламасының мазмұны жаңартылды.

Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген үштаған ұғым арқылы сипаттады. Үштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. Бұл «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының басты идеясына айналды.

Мазмұны ұлттың жаңа келбетін қалыптастыратын:

тәуелсіздік және отаншылдық

бірлік және ынтымақ

әділдік және жауапкершілік

заң және тәртіп

еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

жасампаздық және жаңашылдық **құндылықтарға негізделген.**

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы елімізді жаңартатын «Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу» ұстанымына негізделеді.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ:

қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сінірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаны іске асыру құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдемелеріне негізделеді. Олар оқытуудың, тәрбиелеудің және дамытудың өзара үйлесімді бірлігін қамтамасыз етеді.

Бұл білім алушылардың бойындағы **құзыреттер жиынтығын қурайды және білім беру үйімі түлектерінің моделін** айқындайды:

ұлттық мұддені ілгерілету;

тиімді қарым-қатынас және басқалармен ынтымақтастық орнату;

қоғамға қызмет ету;
этикалық мінез-құлыш нормаларын сактау;
инновациялық ойлау;
идеялар мен проблемаларды шешуде стандартты өмес тиімді
әдістер қолдану

АЙ САЙЫН:

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;
Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;
Қаңтар – заң және тәртіп айы;
Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;
Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

Құндылықтарды қалыптастырудың күн сайын және апта сайын
іске асырылатын іс-шараларды қамтиды:

КҮНДЕЛІКТІ:

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»
«Өнегелі 15 минут»
«Үнемді тұтыну»
«Күй құмбірі»

АПТА САЙЫН:

«Менің Қазақстаным»
Аптаның дәйексөздері
«Қауіпсіздік сабағы»

АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам;
Буллингтен қорған!
Ойынға салауатты көзқарас;
Әмірге салауатты қадам;
Қоғамдық мүлікті қорға!
Қауіпсіз қоғам.

ЖОБАЛАР

Балалар кітапханасы
Қамқор
Еңбегі адал – жас өрен
Шабыт
Ұшқыр ой алаңы
Smart bala
жобалары ұсынылады